

**НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТИ
NARXOZ UNIVERSITY
УНИВЕРСИТЕТ НАРХОЗ**

**ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МЕКТЕБІ
SCHOOL OF LAW AND PUBLIC POLICY
ШКОЛА ПРАВА И ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ**

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖАСТАР»
атты жыл сайынғы халықаралық жас ғалымдар конференцияның**

**МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
3-сәуір 2025 жыл**



**COLLECTION OF MATERIALS
of the annual international conference of young scientists**

**«YOUTH AND SCIENCE»
April 3, 2025**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ежегодной международной конференции молодых ученых**

**«МОЛОДЕЖЬ И НАУКА»
3-апреля 2025 года**

Алматы/Almaty, 2025

УДК 001
ББК 72
F96

Заң ғылымдарының докторы, профессор Т.Е. Сарсенбаевтың жалпы редакциясымен.

Редакциялық алқасы:

Омарова А.Б., Байжомартова К.А., Кантарбаева Ш.М., Аралбаева А.А., Тлеубаев М. С., Сарыбаев М.С., Каримсаков А.О., Кузембекова Р.А.

Нархоз университетінің «ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖАСТАР» атты жыл сайынғы халықаралық жас ғалымдар конференцияның материалдар жинағы / Жауапты ред. Т.Е. Сарсенбаев – Алматы, 2025. –485 б.

ISBN 978-601-222-165-7

Бейбітшілікті, әділдікті және тиімді мемлекеттік басқару институттарын нығайтуға бағытталған БҰҰ-ның №16 ТДМ іске асыру шеңберінде өткізілген «ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖАСТАР» атты жыл сайынғы халықаралық студенттер конференциясындағы бакалаврлар мен магистранттар мақалаларының жинағы.

ISBN 978-601-222-165-7

Приветственное слово Президента Университета Нархоз Қожахмет Қанат Теміргалыұлы

Уважаемые коллеги и участники ежегодной международной студенческой конференции «Молодежь и наука»!

Мы рады вас приветствовать сегодня здесь, в стенах нашего университета, спасибо за то, что делаете вклад в развитие науки. Эта конференция - не просто мероприятие. Это живая платформа для идей, дискуссий, вдохновения и роста. Именно здесь формируется будущее науки - и во всех этих направлениях ключевую роль играют вы, молодые исследователи, полные амбиций, энергии и стремления к знаниям.

Ваш интерес к исследованиям, к новым знаниям, стремление анализировать и предлагать решения актуальных проблем современного общества заслуживает самого глубокого уважения. Уверен, что каждая работа, представленная на этой конференции, станет шагом на пути к большим открытиям и профессиональным достижениям.

Важность знаний и накопление новых знаний всегда было основой прогресса. Открытия, которые мы делаем сегодня, являются платформой для того, что станет возможным в будущем. Ваши исследования благотворно влияют на расширение границ наших знаний и их применение в различных областях. Пусть каждый из вас почерпнет здесь не только новейшие идеи, но и стимул для дальнейшего роста на научном пути.

Эта конференция - не просто мероприятие. Это живая платформа для идей, дискуссий, вдохновения и роста. Именно здесь формируется будущее науки, и во всех этих направлениях ключевую роль играете вы, молодые исследователи, полные амбиций, энергии и стремления к знаниям.

Ваш интерес к исследованиям, стремление анализировать и предлагать решения актуальных проблем современного общества заслуживает самого глубокого уважения. Уверен, что каждая работа, представленная на этой конференции, станет шагом на пути к большим открытиям и профессиональным достижениям.

Позвольте подчеркнуть мысль, о которой я говорил ранее: знания - это капитал, который никогда не обесценивается. Именно сейчас, пока вы учитесь и погружаетесь в научный поиск, вы формируете фундамент будущих успехов. Настанет момент, когда перед вами откроются новые возможности - участие в международных проектах, приглашения в исследовательские группы, создание собственных стартапов. И только богатый запас знаний, опыта и навыков позволит вам уверенно воспользоваться этими шансами, взять на себя ответственность и принести реальную пользу обществу.

Поэтому не бойтесь задавать вопросы, искать нестандартные решения, совершенствовать профессиональные и гибкие навыки. Будьте любознательны, расширяйте горизонты, и тогда, когда наступит подходящий момент, вы будете полностью готовы включиться в работу.

Желаю всем участникам плодотворной работы, ярких выступлений, интересных дискуссий и новых научных знакомств. Пусть эта конференция станет для вас еще одним важным шагом к успеху!

Спасибо за внимание!

Приветственное слово Директора Школы права и государственного управления Университета Нархоз Т.Е.Сарсенбаева

Дорогие участники, уважаемые гости и коллеги!

От лица нашего Университета и от себя лично рад приветствовать вас на нашей Ежегодной международной студенческой конференции «Молодежь и наука», организатором которой является Школа права и государственного управления!

В этом году мы проводим ее в рамках реализации 16-й Цели устойчивого развития ООН, направленной на укрепление мира, справедливости и эффективных институтов государственного управления. Эти принципы находят отражение в глобальных процессах интеграции, демократизации общества и международного сотрудничества.

Наша конференция объединяет студентов, преподавателей, молодых исследователей и представителей различных сфер вокруг ключевых вопросов современности - верховенства права, обеспечения равного доступа к ресурсам, расширения международного сотрудничества, государственного управления. Сегодня мы имеем уникальную возможность обменяться знаниями, обсудить актуальные вызовы и предложить решения для устойчивого развития наших стран.

Отрадно отметить, что с каждым годом интерес к нашей конференции растет. В этом году подано около 150 заявок из 20 университетов Казахстана и соседних стран. Мы рады приветствовать докладчиков из вузов Ташкента, Омска и других городов. Количество казахстанских вузов-участников достигло 18, включая 11 университетов из Алматы и представителей из всех регионов страны.

По направлениям конференции также наблюдается значительный рост интереса. В этом году:

в секции «Право» участвуют 69 человек (по сравнению с 17 в 2024 году),

в секции «Международные отношения» – 48 (против 13 в 2024 году),

в секции «Государственное и местное управление» – 21 участник (против 9 в прошлом 2024 году).

Это свидетельствует о высокой актуальности обсуждаемых тем и стремлении молодежи к активному участию в развитии науки и общественных процессов.

И вот, друзья, я хочу обратиться к каждому из вас лично. Заниматься наукой - это не просто разбирать сложные теории или писать научные статьи. Это способ мыслить шире, искать истину, задавать вопросы и находить решения, которые могут изменить мир. В эпоху искусственного интеллекта, когда технологии развиваются стремительными темпами, знания и критическое мышление, нешаблонное (творческое, аналитическое, то есть научное) становятся самым ценным активом человека.

Честно говоря, когда я был студентом, я не всегда осознавал, насколько важны наука и исследования. Порой казалось, что это просто дополнение к учебе, что куда важнее сдать зачеты и экзамены. Но сегодня я с уверенностью могу сказать, что участие в научных кружках, конференциях, обсуждениях - это то, что формирует личность профессионала. Именно научный подход научил меня анализировать, критически мыслить, выстраивать аргументы, видеть перспективы там, где другие видели только ограничения. В сфере права, где я впоследствии построил свою карьеру, эти навыки оказались бесценными.

Искусственный интеллект может анализировать данные, автоматизировать процессы, но он никогда не заменит творческий потенциал человека, его способность к интуиции, нестандартному мышлению и созданию нового. Именно вы - молодые ученые, исследователи, новаторы – формируете будущее. Ваши идеи, ваши открытия и ваша настойчивость в поиске истины определяют, каким будет завтрашний день.

Не бойтесь выходить за рамки, экспериментировать, ошибаться и пробовать снова. Ваши знания и стремление к истине – это ваша суперсила. Используйте ее!

Пусть эта конференция станет для вас не просто событием, а важным шагом на пути к большим открытиям и успехам!

Желаю всем участникам продуктивной работы, интересных дискуссий и плодотворного сотрудничества! Пусть эта конференция станет для каждого из вас важным шагом в научной карьере и возможностью внести вклад в построение устойчивого будущего.

Спасибо за внимание!

жемқорлықпен күресу, ашықтықты қамтамасыз ету және халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылату міндеттерін іске асыруға болады.

Пайдаланған қайнар көздер тізімі:

1. Федералды меншік құрылымы бойынша есептер – АҚШ Ұлттық аудит басқармасы (US GAO).
 2. OECD. Privatisation in the United States: Policy and Regulation (2020).
 3. National Park Service. Government Management of Natural and Cultural Heritage (2021).
 4. IMF Working Paper on PPP Models in Healthcare and Infrastructure (2019).
 5. Антонов В.Г. Государственное программирование в Японии. – 2019.
 6. Tanaka S. Local Government in Japan. – University of Tokyo Press, 2015.
- Partnerschaften Deutschland (2005). PPP in Germany: Implementation and Coordination Mechanisms.

Аманжолова Зарина Нурбековна
Maqsut Narikbayev University, Астана, Қазақстан
e-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com
Ғылыми жетекші: з.ғ.д., Maqsut Narikbayev University
профессоры Идрышева С.К., Астана қаласы

**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАРҒА
БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІКТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі мен «конституциялық кепілдікті», яғни адам құқықтары мен бостандықтары, конституциялық құрылыстың негіздерін, конституциялық қағидаларды қорғауды қамтамасыз ететін құқықтық нормалар мен институттардың жиынтығын қамтитын адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін жүзеге асыру мәселесін COVID-19 пандемиясына қатысты енгізілген төтенше жағдай режимінің призмасынан зерттеу мақаланың өзектілігінің жоғары екендігін көрсетеді.

Мақала аясында әлеуметтік, экономикалық және саяси кепілдіктер қарастырылды. Нақтырақ айтатын болсақ, жұмыссыздық деңгейі, уақытша жұмыссыздықтың себептері, салық мәселесі, демократия саясаты, оның ішінде еркін сайлау (референдум) жүйесі, әлеуметтік көмек, қашықтықтан оқыту, тұрмыстық зорлық-зомбылық, туризм салаларының ковид пандемиясына қатысты енгізілген төтенше жағдай режимінің әсері отандық және халықаралық тәжірибе негізінде зерттеу жүргізілген болатын.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері - бұл адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды, қорғауды қамтамасыз ететін конституциялық-құқықтық нормалардың, институттардың, құралдардың, тәсілдердің, тетіктер мен рәсімдердің жиынтығы. Осындай кепілдіктер әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық элементтерден тұрады. Бұл кепілдіктерден көретініміз, коронавирустық инфекцияға қатысты енгізілген төтенше жағдай режимі бұл кепілдіктерді жүзеге асыруда кедергі болды.

Экономикалық кепілдік. 2020 жылы Қазақстанда COVID-19 пандемиясы еңбек нарығына өз әсерін тигізіп, елдегі жұмыссыздық деңгейі 2020 жылдың бірінші тоқсанындағы 4,8%-дан екінші тоқсанда 5%-ға дейін өсті, жұмыссыз адамдардың саны 2,6%-ға, яғни 454 мың адамға дейін өсті.

Төтенше жағдай режимі уақытында 2020 жылдың көктемінде шамамен 4,4 млн адам уақытша жұмыссыз қалды, оларға табысының жоғалуына байланысты Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер тағайындалған еді. Қазақстан

Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 26 наурыздағы № 110 бұйрығының 13-тармағына сай әлеуметтік төлем төтенше жағдай уақытында өтініш берілгеннен кейін бір рет ең төменгі жалақы мөлшерінде тағайындалды, 2020 жылы бұл төлем 42 500 теңгені құрады. Бұл орайда, адамдардың уақытша жұмыссыз қалуы келесі себептердің бірінен болды:

Біріншіден, ҚР Еңбек кодексіне сай төтенше жағдай уақытында енгізілген шектеу шараларына сай тараптардың келісімімен жұмыс беруші жұмыскерді: 1) жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына; 2) әлеуметтік демалыстың ішінде жалақы сақталмайтын демалысқа шығарды. Алайда, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 01-1-4-04/246-И хатында бос тұрып қалу режимін енгізу ұсынылды. Еңбек кодексінің 112-бабына сәйкес жұмыс берушіге және жұмыскерге байланысты емес себептер бойынша бос тұрып қалуға ақы төлеу жалақының ең төмен мөлшерінен кем болмайтын мөлшерде жүзеге асырылады, бұл 2020 жылғы есеппен 42 500 теңгені құрады. Сәйкесінше, жұмыскер аталған негіздердің бірімен уақытша жұмыссыз болды.

Екіншіден, ҚР Еңбек кодексіне сай жұмыс беруші еңбек шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы, егер келесі негіздердің бірі болса: (1) жұмыскерлер санының немесе штатының қысқаруы; (2) жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндіріс көлемінің төмендеуі. Бұл негіздер дәлелді әрі заң талаптарына сай жүзеге асуы тиіс, өйткені жұмыскер сотқа жұмысқа қайта орналастыру туралы талаппен жүгінсе, сот заң талаптары бойынша барлық рәсімнің сақталуын тексеретіндігі анық.

Бұдан бөлек, ҚР Еңбек кодексіне сай жұмыс беруші жұмыскерге балама жұмыс жолдарын ұсынуға құқылы болды: 1) еңбек жағдайын өзгерту, яғни экономикалық жағдайлар өзгерген немесе жұмыс көлемі қысқарған кезде, жұмыс орындарын сақтау мақсатында жұмыс беруші жұмыскерге еңбек жағдайларын өзгертуді ұсынуға құқылы; 2) басқа жұмысқа уақытша ауыстыру; 3) қашықтықтан жұмысқа ауысу.

Жұмыс орындары сақталған жұмыскерлерді де, жұмыс берушілерді де қолдау мақсатында ҚР Үкіметі салықтар мен төлемдерге нөлдік мөлшерде «түзету коэффициентін» белгілейтін қаулы қабылдады. Бұл дегеніміз, салықтар мен төлемдер есептеледі, бірақ іс жүзінде төленбейді, өйткені олардың мөлшерлемесі нөлге тең. Алайда, бұл коэффициент барлық тұлғаларға бірдей қолданылмады. Осы қаулының қосымшаларына назар аударатын болсақ, микро, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілерінің және жеке практикамен айналысатын тұлғалар үшін 29 қызмет түрлері, ал ірі кәсіпкерлік субъектілерінің 10 қызмет түріне ғана қолданылды.

Сонымен қатар, бизнеске көмектесу үшін және экономиканы тұрақтандыру үшін басқа да шаралар қолданылды: біріншіден, орта және шағын бизнес субъектілеріне берілген кредиттер бойынша негізгі борыш пен сыйақы төлемдерін тоқтата тұру тәртібін бекітті; екіншіден, бірінші қажеттіліктегі азық-түлік тауарларының тізбесіне енгізілген тауарларды өткізу және импорттау кезінде 2020 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңге қоса алғанда 8% мөлшерінде ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді; үшіншіден, акцизделетін тауарларды өндірушілерді қоса алғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге экспортталатын бензинге (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынына ҚР-ға акциз төлеуден босатылды; төртіншіден, салықтар, әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті қоса алғанда, салық және кедендік берешек бойынша мәжбүрлеп өндіріп алу жөніндегі шаралар 2020 жылғы 1 маусымға дейін тоқтатыла тұрды; бесіншіден, 2020 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда кезеңге ірі сауда объектілері, сауда-ойын-сауық кешендері, кинотеатрлар, театрлар, көрмелер, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттары бойынша заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық ставкаларына; сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жер салығына және жеке тұлғалар мен жалпы режимінде жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер үшін жеке табыс салығына нөлдік түзету

коэффициенті енгізілді ; бесіншіден, Ұлттық банк шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасын бекітті . Осы тектес өзгерістер төтенше жағдай режимі уақытында әлеуметтік-экономикалық салада орын алды.

Саяси кепілдік. 2020 жылғы коронавирус пандемиясы әлемдік аренада қалыптасқан демократия үшін бұрын-соңды болмаған сынақ болды, өйткені еркін және әділ сайлау арқылы үкіметті таңдау мен ауыстырудың саяси жүйесі; азаматтар ретінде адамдардың саясатқа және қоғамдық өмірге белсенді қатысуы; барлық азаматтардың адам құқықтарын қорғау сияқты элементтерден тұратын демократия төтенше жағдай режимінің әсерінен шектеулерге тап болды.

Пандемияның демократиялық сайлауға әсері, оның демократияға тигізетін қаупін көрсетті. Халықаралық құқық пен халықаралық-құқықтық стандарттарда мемлекеттерде демократиялық сайлау өткізуге кепілдік беретін маңызды ережелер көзделген. Мемлекеттер тұрақты мерзімді сайлау өткізуі керектігін бекіткен 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердегі демократиялық сайлаудың, сайлау құқықтары мен бостандықтарының стандарттары туралы конвенциясы .

Сайлау – бұл билікті бейбіт жолмен сайлау және саяси қақтығыстарды шешу механизмі. Демократиялық және әділ сайлау оның бәсекелестік пен ашықтық жағдайында ақылға қонымды кезеңділікпен өткізілуі қажет, өйткені бұл азаматтардың сайлау құқықтарына кепілдік береді, яғни азаматтар сайлаудан шеттетіліп, олардың еріктері бұрмаланбауы қажеттігін көрсетеді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, пандемия уақытында конституциялық уақытына сәйкес сайлау өткізген, оны өткізуді кейінге шегерген мемлекеттер болды. 2020 жылғы сайлаудағы басты мәселелердің бірі дауыс беру күнін тағайындалған күннен басқа күнге ауыстыру болды. Коронавирустық пандемияға байланысты кезекті сайлауды өткізудің қазіргі тарихында алғаш рет сайлауды (парламенттік, президенттік және жергілікті) немесе референдумдарды өткізу күні алдын-ала белгіленген бірқатар мемлекеттерде сайлауды өткізу күнін тұтастай ауыстыру туралы шешімдер қабылданған болатын.

Пандемия жағдайында дауыс беру күнін ауыстыру немесе қашықтықтан дауыс беру үшін конституциялық-құқықтық негіздер маңызды сәт болып табылады. Еуропа Одақ (бұдан әрі - ЕО) елдерін қарастыратын болсақ, Хорватия, Италия, Германия, Греция, Нидерланды, Польша, Литва, Словения, Испания және Венгрия Конституциясында парламенттің мерзімін ұзарту арқылы сайлауды кейінге қалдыруды немесе кейінге қалдыру мүмкіндігін қарастырады. Іс жүзінде Австрия, Франция және Испания жергілікті сайлауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдады; Чехия заң шығарушы органдарға сайлауды кейінге қалдырды.

ҚР Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заң нормаларынан отандық заңнаманың сайлау күнін басқа күнге ауыстыру мүмкіндігінің қарастырылмағандығын байқаймыз. Десе де, төтенше жағдай режимі уақытында шектелуге жатпайтын құқықтар мен бостандықтардың қатарында сайлау құқығының да жоқ екендігін ескеру қажет.

Осылайша, егер ол конституциялық маңызды мақсаттарда, алдын-ала жүзеге асырылса, кезекті сайлауды өткізудің ақылға қонымды кезеңділігінен ауытқуға әкеп соқтырмаса және сайланатын мемлекеттік органдар қызметінің үздіксіздігін бұзбаса, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, кезекті сайлау күнін заңмен өзгерту объективті түрде орын алуы мүмкін деп пайымдаймыз.

Ковид пандемия жағдайында тек 56 (елу алты) ел ғана ұлттық дауыс беруді өткізді және олардың көпшілігі арал мемлекеттері, халқы аз елдер немесе COVID-19 инфекциясы халық арасында аз таралған мемлекеттер, мысалы, Моңғолия, Оңтүстік Корея және Шри-Ланка. Бұл мемлекеттер сайлау өткізер алды, оған дайындық шараларын өткізген болатын: жеке қорғаныс құралдары, әлеуметтік қашықтық, ерекше

шарттар, гигиена және санитария, желдету сияқты шараларға жүгінген еді. Қазақстан аумағында төтенше жағдай режимі жарияланған уақытта сайлау өтпеді.

Тәжірибе көрсеткендей, COVID-19 пандемиясы кезінде мерзімінен бұрын дауыс беру, көп күндік дауыс беру, мобильді дауыс беру, сенімхат бойынша, арнайы сайлау учаскелерінде дауыс беру, электрондық дауыс беру, үй-жайдан тыс дауыс беру сияқты дауыс берудің басқа да арнайы тәсілдері қолданылды. Десе де, коронавирустық пандемия электронды дауыс беру жүйелерін дамытуға серпін бергені сөзсіз.

Әлеуметтік кепілдік. COVID-19 пандемиясына жауап ретінде мемлекеттер «локдаун», «карантин» секілді қатаң әлеуметтік оқшаулау шараларына жүгінді. Бұл саясат коронавирус ауруын төмендетудің ең тиімді құралы деген шешім болғанымен, ол әлеуметтік капиталды бұзды. Бүгінгі күні әлеуметтік саланы қарастыратын болсақ, пандемиядан кейін түйетін ой келесідей: вирусты өзі кез келген адам жұқтыруы мүмкін болса да, ол тудырған ұлттық және жаһандық дағдарыс тұрғын үй тұрақсыздығына, азық-түлік тапшылығына, жұмыссыздыққа және пропорционалды емес басқа да қиындықтарға тап болғандарға әсер етті.

2020 жылы коронавирустық инфекция пандемиясы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы тұрудың маңыздылығын қайта көрсетті. Пандемиямен күресу үшін қабылданған шаралар, мысалы, өзін-өзі оқшаулау режимін және физикалық қашықтықты сақтау ережелерін енгізу, тұрмыстық зорлық-зомбылық эпизодтарына байланысты сенім телефон қызметтеріне, құқық қорғау органдарына және басқа қызметтерге жүгінулердің өсуіне әкелді, мысалы, Аргентинада карантин енгізілгеннен кейін тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары бойынша шұғыл өтініштер саны 67% өсті, Кипр және Сингапур сенім телефондарында қоңыраулар санының сәйкесінше 30% және 33% өсуі тіркелді, Австралияда көмек қызметкерлерінің 40% көмекке жүгінудің артқанын хабарлады.

Әлеуметтік көмек дағдарыстың әлеуметтік-экономикалық әсерін азайту үшін COVID-19-ға қарсы әрекет етудің маңызды құрамдас бөлігі болды. 2020 жылдың желтоқсанында 193 елде 870 әлеуметтік көмек шаралары жүзеге асырылды, олардың жартысына жуығы ақша аударымдарынан тұрды. 2022 жылдың ақпанында бұл 223 елде жоспарланған немесе жүзеге асырылған 3856 әлеуметтік қорғау шараларын құрады.

COVID-19 пандемиясы бүкіл әлем бойынша туризмге әсер етті. Дүниежүзілік туристік ұйымның мәліметі бойынша халықаралық туризм 2020 жылдың бірінші тоқсанында 22% төмендеді, бұл 2020 жылдың бірінші тоқсанында наурыз айының соңына дейін 67 миллион халықаралық турист қысқарды, жоғалған экспортта шамамен 80 миллиард доллар шығын болды. Бүкіл әлем бойынша ең қатаң карантиндік шектеулер енгізілген 2020 жылдың II тоқсанда, толық локдаунға дейін, интуристердің әлемдік ағыны бірден 18,4 есеге қысқарды, ал осы кезеңде ҚР-да - 16,7 есеге қысқарды.

Дүние жүзіндегі үкіметтердің көпшілігі вирустың таралуын шектеу мақсатында барлық деңгейдегі мектептерді жауып тастады. Бұл формальды білім беру секторына әсер етті, өйткені 143 ел жалпыұлттық мектептерді жабуды енгізді. Бұл дүние жүзінде мектепке дейінгі, бастауыш, кіші және жоғары орта және жоғары оқу орындарында тіркелген 1 184 126 508 (67,6%) оқушыға әсер етті.

Бұл онлайн оқытудың өз қиындарының бар екендігін көрсетеді. Бұл қиындық тек ғаламтор желілерінің жұмысына ғана байланысты емес, яғни ғаламтор желілерінің әлсіздігі, қаржы тұрғысынан ғаламторға қол жетімділік мәселесі және онлайн режимдегі оқу материалдарының аздығы, онлайн сайттардың жұмыстарының тұрақсыздығы, студенттердегі электрондық құрылғылардың болмауы, электр қуатының тапшылығы сияқты мәселелер де қиындық туғызары анық. Оқу жүйесінің онлайн режимге өтуінің де өз жақсы тұстары бар, мысалы, бүкіл әлем бойынша семинарлар мен конференциялар онлайн форматқа көшкендіктен, бұл студенттердің алыс қашықтыққа бармай-ақ қатысуын жеңіл әрі мүмкін етеді. Бұдан бөлек, оқу орындарындағы әкімшілік қызметпен

айналыстан қызметкерлер үшін жүктеменің төмендеуі, психикалық және академиялық күйзеліспен келетін жиналыстардың азаюына алып келді.

Демек, коронавирус инфекциясы білім беру саласындағы цифрлық трансформацияны жеделдеткен болатын, десе де қашықтықтағы онлайн оқу режимінің артықшылықтарын толығымен қолдануға не оқушылар, не мұғалімдер дайын болмады. Бұл ата-аналар үшін балаларының сабақтарын қадағалауда қиындықтар туындатты. Алайда, алдағы уақытта қашықтықтан оқыту білім алушылар үшін көптеген мүмкіндіктер беретіні сөзсіз. Білім беру технологиялары білім алушыларға өз білімдері үшін жауапкершілік арттырады, ал бұл біртіндеп қалыптасып келе жатқан білім беру қызметінің жаңа нормасы.

Қорытындылай келе айтарымыз, коронавирустық инфекцияның өршуі адамдардың күнделікті өмірінде айтарлықтай өзгерістерге алып келгені анық. Десе де, кейбір сала бұл өзгерістерге тез бейімделсе, басқаларына бұл процесс қиынға соқты. Мақала аясында көтерілген мәселелер пандемияның аяқталуынан кейін де цифрландыру кезеңіне енетіндігін көрсетеді.